№66 (10056)
20 тамыз,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Егінжай – 2024

Күрішке орақ салған күн

Өткен сенбіде Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров пен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Таң ауылының егіс алқабында алғашқы орақ түсу рәсімі өтті. Салтанатты шараға республикалық ардагерлер ұйымы төрағасының бірінші орынбасары, профессор Өмірзақ Озғанбаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, барлық облыс әкімінің орынбасарлары мен ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары қатысты. Аймақ басшысы ізгі тілегін білдіріп, агросалада атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Үкімет басшысы Олжас Абайұлының, Үкімет мүшелерінің бастамасымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысындағы мемлекеттермен дер кезінде келіссөз жүргізіліп, қолдау жасалды. Нәтижесінде егісіміз сумен толық қамтамасыз етілді. Сол үшін барша Сыр диқандары атынан шексіз алғысымызды білдіреміз. Вегетация кезеңіне бекітілген су лимитіне сәйкес күрішті 84 мың 300 гектарға ектік. Жыл сайын аграрлық саланы қолдауға қомақты қаржы бөлінуде. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 5 жылда екі есе ұлғайту жөнінде тапсырма бергені белгілі. Осы ретте егістікті әртараптандыруға, су үнемдеу технологияларын қолданып егіс көлемін арттыруға ден қойылуда. Жеңілдетілген дизель отыны шаруашылықтарға мерзімінде жеткізілді. Диқан қауымы ауызбіршіліктің үлгісін көрсетіп, суды ысырапсыз пайдаланып, жоспарлы жұмыс жасауда, – деді Н.Нәлібаев.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров жиналған жұртты құттықтап, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді, мемлекет тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін айтты.

Егін орағының басталуына арналған іс-шарада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында республиканың әр өңірінен келген кәсіпорындардың келісімге қол қою рәсімі өтті. Нақтырақ айтсақ, «Шымкент» ӘКК АҚ мен «Жан-Арай» ЖШС, «Павлодар» ӘКК АҚ мен «Абай-Дәулет» ЖШС, «Алматы» ӘКК АҚ мен «Алтын Орда» ЖШС арасында меморандумға қол қойылды.

Шараға қатысушылар егін жинауға арналған ауыл шаруашылығы техникаларымен, облыста өндірілетін агроөнім түрлерімен танысып, мамандармен пікір алмасты. Сала ардагері Нұрлыбай Ұлықпанұлы батасын берді.

Айта кетейік, Сыр диқандары суды үнемдеу мақсатында соңғы 10 жыл көлемінде күріш егістігінің 55 мың гектарын лазерлік тегістеді. Алдағы 5 жылда бұл 72 мың гектарға жеткізіледі. Биыл су үнемдеу технологиясын пайдалану 4,4 мың гектарға жетті, алдағы 5 жылда оны 24,2 мың гектарға арттыру жоспарлануда.

Биыл «Таң ЛТД» серіктестігі қытайлық компаниямен бірлесіп, Шиелі ауданында 800 гектарға тамшылатып суару әдісімен дән жүгері екті. 2025-2026 жылдары тамшылатып суарылатын егістік көлемі 3 мың гектарға дейін ұлғайтылады.

Сол сияқты Қазалы және Арал аудандарында ауқымды жобалар бастау алды. Арал ауданындағы «Кәмел Про» шаруа қожалығында 830 гектар жоңышқаны, Қазалы ауданындағы «РЗА Агро» серіктестігінде 184 гектар мал азықтық дақылдарды жаңбырлатып суару жобалары бар. Сонымен қатар делегация Таң ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты.

Айта кету қажет, «Таң ЛТД» серіктестігінің құрылтайшысы, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев соңғы жылдары ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына 1,5 млрд теңгеден астам қаржы бөліп, әлеуметтік нысандарды жөндеді. «Тағзым», футбол, балалар ойын алаңдарын салып, жолдарды жаңғыртты, көшелерді жарықтандырды. Жалпы ауылдағы жобалардың басым бөлігі Еңбек Ерінің демеушілігімен жүзеге асты десе де болады.

Биыл ауданда 37 365 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарланған. Жалпы Жалағашта 199 шаруашылық егін шаруашылығымен айналысады. Оның ішінде 152 шаруашылық күріш дақылын егеді. Олар қажетті жеңілдетілген бағамен жанармаймен, тыңайтқышпен қамтылды.

Иә, жыл сайын маусымында аяқсу тапшылығы диқандарға айтарлықтай мәселе болатын. Биыл аймақ басшысы айтқандай, көрші елдермен жасалған келісімдер арқасында мәселе туындамады. Оның үстіне жергілікті шаруашылықтар да егінді әртараптандыруға басымдық беруде, яғни жерге себілгеннен жинап алғанға дейін суда ұстайтын дақылдарға қарағанда соя, мақсары, жүгері сынды басқа да дақылдарға басымдық берілген.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Бағдарлама игілігі

Шағын наубайхана шарапаты

Үлгілі ауыл Аққошқардың тептегіс асфальтталған көшелеріне тамсана жүріп, ауыл тұрғыны наубайханашының шаңырағына да келіп қалыппыз. Ыстық нанның жағымды иісі тәбетті ашып барады. Үйге кіргеннен-ақ ауылдың күйбең тіршілігіне көзің түседі. Қора маңында байланған бұзаулы сиыр тұр, жоңышқа мен мал азығы ұқыпты жиналған. Күбімен айран піскен әженің жанында бүлдіршін ойнап жүр. Бір сөзбен айтқанда, тыныштығы бұзылмаған жайбарақат қазақы ауыл өмірі көңілге қуаныш ұялатады.

Наубайханашы Фариза Әбдреева 2022 жылы «Бастау Бизнес» жобасы аясында «Атамекен» кәсіпкерлік палатасында оқытылып, мемлекеттен 6 пайызбен 3 млн теңге несие алған. Тиісті қаражатқа Алматы қаласынан кәсіпке қажетті құрал-саймандарын алдыртады. Осылайша кейіпкеріміз «Әуелі Алла» деп кәсібін бастап кеткен.

Күніне 80 бөлке нан жабатын кәсіпкер тәтті нанымен бүкіл ауылды қамтамасыз етіп отыр. Фаризаның пісірген бөлке нанын Еңбектегі әр шаңырақтың дастарқанынан көруге болады. Оған қоса тәтті тоқаш, шелпек, тауық етін пісіріп, дүкендерге өткізеді. Осындай киелі кәсіпті қолға алған кейіпкеріміз биыл мемлекет тарапынан тағы да қолдау тапты. Нақтырақ айтсақ, Фариза үкіметтен қайтарымсыз грант алып, бүгінде төрт бұзаулы сиырды қораға байлаған. Мақсаты – сүт бағытында кәсіп бастау. Қазіргі таңда сүт, айран, ірімшік, құртын ауыл дүкендеріне өткізіп, кәсібінен береке тауып отыр.

– Нанды арнайы пеште пісіремін. Қауіпсіз әрі экологиялық таза. Мұнда әсіресе тазалыққа көңіл бөлемін. Қыздарыма күніне екі мезгіл тазалауды міндеттегенмін. Өйткені ас пісетін жер таза болуы керек. Кейде тазалықты тексеру мекемесінің өкілдері келіп тұрады. Бәрі талапқа сай. Нан пісіру оңай шаруа емес. Ауыл тұрғындарына ұнамай қалмасын деп барымды саламын. Ұнды ауылдан немесе аудан, облыс орталығынан алдыртамын. Бізде демалыс жоқ. Сенбі, жексенбі күні де істей береміз. Бір күн демалсаң, ауыл нансыз қалады. Кешке қарай нан таусылса, тұрғындар ренішін айтады. Шүкір, өнімге сұраныс жоғары, – дейді наубайханашы.

Кейіпкеріміз келешекте кәсібінің көкжиегін кеңейтуді мақсат еткен. Үлкен цех ашып, тек ауылды ғана емес, тұтас ауданды нанмен қамтамасыз етсем дейді. Сөзінің жаны бар, өйткені бүгінде аудан орталығындағы кейбір дүкендерге нан өнімдері облыс орталығынан немесе көршілес аудандардан жеткізіледі. Сондықтан өзімізді нан өнімдерімен қамтамасыз ететін кәсіпкерлер қажет-ақ. Сонымен қатар кәсіпкер ауылдың жұмыссыз қыз-келіншектерін жұмыспен қамтығысы келеді. Бүгінде ол жергілікті әкімдікпен ақылдасып, екі азаматшаны жұмысқа алған.

Міне, шағын наубайхананың шарапаты бүкіл ауылдың экономикасына оң әсерін тигізіп отыр. «Еңбектің түбі – береке» деген осы болса керек.

Жандос ЖАЗКЕН

Ерлік



Қырағы шекарашылар – қауіпсіздік кепілі

Күндіз-түні Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетіп, әрқашан Отанының мүддесін қорғау үшін өзінің әскери борышына адал болып қалатын азаматтардың мінсіз қызметі – қазақстандықтардың қауіпсіз өмірі, елдегі бейбітшілік пен тыныштықтың кепілі. Қазақстандық шекарашылар қойылған міндеттерді жоғары деңгейде орындап, кәсібилік, табандылық пен жауапкершілік танытады.

18 тамыз – шекарашылар күні. 5 мемлекетпен шектесетін Қазақстан достық пен татулықтың ерекше үлгісін көрсетіп отыр. Себебі 15 мың шақырымнан асатын шекара бойында антқа берік, рухы асқақ қыз-жігіттер еңбек етеді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметіне биыл 32 жыл, ал Қызылорда облысы бойынша департаменттің құрылғанына 25 жыл толып отыр. Отанға мінсіз қызмет етіп, әскери құрылымның қалыптасуы мен өркендеуінде департаменттің әр әскери қызметкерінің қосқан үлесі орасан. Қиын-қыстау кезеңдерде түпкі-тамырынан көз жазып қалмай, табандылық таныта білді. Қазіргі таңда әскери-патриоттық қозғалыстың қатарында 300-ге жуық жас шекарашы бар. Ол Қызылорда қаласы, Шиелі, Қармақшы аудандарындағы шалғай бетте орналасқан мектеп пен колледждерде құрылған.

Сонымен қатар қазіргі уақытта департамент облыс төңірегіндегі NEET санатындағы жастардың санын азайту мақсатында әскер қатарына жастарды толықтыру жұмыстарын жүргізуде, яғни әскери борышын өтеп келген жас сарбаздарды келісім-шартпен және жоғары білімі бар әскери кафедраны тәмамдаған азаматтарды белсенді түрде жұмысқа орналастыруда.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Бәрекелді!

Салада серпін бар

Соңғы жылдары ауданда спорт саласында ауыз толтырып айтарлықтай жетістік барын бәріміз біліп, көріп жүрміз. Бұл жайында жағымды жаңалықтармен газетіміздің алдыңғы сандарында да спортсүйер оқырмандармен бөліскенбіз. Сайыпқыран спортшыларымыздың байрақты бәсекелерде қарсыластарын шаң қаптырып, жеңісті жолдан жығылмауларына өздерінің тыңғылықты дайындығы мен мемлекет тарапынан жасалған қолдау үлкен сеп болуда.

Иә, бүгінде саңлақтарымыз түрлі әлемдік додаларға қатысып, ел мерейін үстем етуде. Аудан көлемінде де бұқаралық спортты, ұлттық спорттық ойындарды дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі биыл 77 аудандық, 6 облыстық, 2 республикалық жарыс өткізу жоспарлаған. Биыл ұлттық және бұқаралық спортты дамытуға жергілікті бюджеттен 156 млн теңге қаралған. Былтыр ауданда 107 спорттық материалдық-техникалық база тіркелген. Оның ішінде 1500 орындық стадион, 94 жаздық алаң бар. Кент және ауылдық округтерде 38 балалар ойын алаңы мен жасыл төсеніш алаңы бар.

Бөлім басшысының айтуынша, кент орталығында орналасқан «Күншуақ» балабақшасы аумағындағы, Ақсу, Аламесек, Аққұм, Мақпалкөл, Мәдениет, Жаңақоныс, Далдабай елді мекендеріндегі алаңдардың сапасы сын көтермейді. Алайда ол бұл мәселелердің барлығы кезең-кезеңімен шешімін табатынын айтады.

Қазіргі таңда 14 мыңға жуық аудан тұрғыны бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысуда. Бұл жалпы тұрғындардың 39 пайызын құрайды.

Ауқымды жұмыстың жемісі

Сала саңлақтары үлкен додаларда қарсыласынан жеңісті жұлып алуды дәстүрге айналдырған. Бұл сөзімізге олардың жеңісті жолдан жығылмауы дәлел. Аудан спортшылары әлемдік және Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда әртүрлі деңгейдегі 376 медаль алып, жоғары жетістіктерге қол жеткізуде.

Саладағы жалағаштық спортшылар 2023-2024 оқу жылында республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, ҚР чемпионаттарында 35 алтын, 19 күміс, 34 қола, халықаралық жарыста 1 алтын медаль иеленген. Ал Әлем және Азия чемпионаттарында ел қоржынына 8 алтын, 5 күміс, 4 қола салды.

Айта кетейік, ауданда бірінші спорттық разрядты 35 спортшы бар. Мұнан бөлек 107 спорт спорт шеберіне үміткер, 11 спорт шебері болса, 1 спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындаған.

– Бұқаралық спорт саласында аудан тұрғындарының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтуды ұлғайту басым бағыттардың бірі болып отыр. Аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты «Наркескен» спорт клубында 61 қызметкер, оның ішінде 10 жаттықтырушы, 23 спорт нұсқаушы, «Бодыбай Құлтекенов» атындағы жабық бассейнде 28 қызметкер жұмыс жасайды. Жабық бассейнде 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап үйірмелер ашылып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Жылдық жоспар бойынша айына бір рет спорттық шаралар өткізіліп келеді. Дене тәрбиесі, спорт және туризм саласы бойынша өткен жылдың қорытындысымен дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар қатары 39 пайызға көтеріліп, 14063 адамға жетіп отыр, оның 9 пайызын нұсқаушылардың спортқа тартқан адамдары құрайды. 2023-2024 оқу жылында №14 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, №13 олимпиадалық резервтік мамандандырылған жасөспірімдер спорт мектебі және «Наркескен» спорт клубында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын 7 мен 18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер саны 25 пайызға жетіп отыр. №13, №14 спорт мектептерінде 1813 оқушы 14 спорт түрімен шұғылданса, «Наркескен» спорт клубында 1044 спортшы 8 спорт түрімен шұғылданып келеді, – дейді аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұржан Мәлік.

Үйірменің үйретері көп

№13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне қарасты 5 ауылдық округте үйірмелер бар. Мәселен, Ақсу ауылында бокс, қазақ күресі, Таң ауылында таеквандо дзюдо, М.Шәменов ауылында қазақ күресі, дзюдо, Қаракеткен ауылында бокс, дзюдо, Аққұм ауылында 2 топ қазақ күресі, жеңіл атлетика үйірмелері бар. Ал №14 балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне қарасты 8 елді мекенде бүгінде үйірмелер тұрақты жұмыс істеп тұр. Бұқарбай батыр ауылында еркін күрес, Мәдениет ауылында бокс, дзюдо, белбеу күресі, Аламесек ауылында қол добы, Еңбек ауылында волейбол, бокс, Мырзабай ахун ауылында бокс, таеквандо, Жаңаталап ауылында дзюдо, Мақпалкөл ауылында қазақ күресі, кикбоксинг, Аққыр ауылында ауыр атлетика үйірмелері бар.

– Бұл спорт мектебінде 2023 жылдың тамыз айынан бастап қазақ күресі үйірмесі жұмыс жасап келеді. Үйірме ауыл жастарының уақытын тиімді әрі пайдалы өткізуге үлкен үлес қосуда. Үйірмеге 2-3 сынып оқушылары қабылданады. Қазіргі таңда онда 30 бала бар, оның 4-еуі – қыз, 26-сы – ер бала. Үйірмеге оқушылар аптасына 5 рет келеді. Бұл балалардан бөлек жасы үйірме талабына жетпеген кішкентай ұландардың да күрес спортына қызығушылығы жоғары, – дейді Ақсу ауылындағы №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің жаттықтырушысы Ұласхан Алпысбай.

Жаттықтырушының айтуынша, күрестің қыр-сырын жетік меңгерген ақсулық спортшылар бүгінде талай байрақты бәсекеде бозкілемде белдесіп, ел намысын қорғап жүр. Олар аудандық жарыстармен шектелмей, облыстық, республикалық жарыстарда да бақ сынап, жүлделі орындарды иеленіп үлгерген.

Ал Аққыр ауылында биылдан бастап ауыр атлетика үйірмесі жұмыс жасап келеді. Барлығы 60 бала қамтылған үйірмеде 13-14 жас аралығындағы 15 қыз, 10-12 жас аралығындағы 45 ұл бала тәрбиеленуде.

Айта кетейік, биыл аталған елді мекенге «Қазақстан халқына» қорынан дене шынықтыру сауықтыру кешенінің құрылысына 175 млн теңге қаржы бөлініп, ел игілігі үшін жаңа нысанның іргетасын қалау жоспарлануда.

– Өздеріңіз білетіндей, өңір спорты бүгінде айтарлықтай өркендеп, бұқаралық спортты дамыту да кең қанат жайып келеді. Аудан спортшылары республика көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде де мақтанарлық нәтижелерге қол жеткізіп, аудан абыройын асқақтатуда. Жыл басынан бері спортшыларымыз түрлі деңгейдегі жарыстарда жеңіске жетіп, аудан мерейін үстем етіп жүр, алдағы уақытта да осы жеңісті жолдан жаңылмайды деп сенеміз. Жалпы салаға жергілікті әкімдік үлкен қолдау білдіріп отыр – деді Нұржан Мәлік

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Чемпиондар шыңдаған спорт мектебі

Ауданда спорт саласы қарқынды дамып келеді. Мұның дәлелі спортшыларымыз облыстық, республикалық, қалаберді халықаралық додаларда үздік нәтижеге қол жеткізіп жүр. Бұл ретте үйірмелер мен спорт мектептері саланың алға басуына, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануына сеп болып отыр. Сол себепті өңірдегі спорттың дамуына, бұқаралық спорт қозғалысын кеңейтуге, спорттағы жетістіктерді ынталандыруға бағытталған жұмыстардың мән-жайы, спортшылардың алдағы додаларға дайындығымен танысу мақсатында аудандық №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар және жасөспірімдер мектебіне бардық.

Аталған спорт мектебі 2014 жылдың 4 қарашадағы №753 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының денешынықтыру және спорт басқармасының №13 Жалағаш ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар және жасөспірімдер мектебі болып ауыстырылған. Яғни төрт жылда бір келетін олимпиада ойындарына спортшыларды дайындап, жаттықтырады. Мектеп 1971 жылы ашылып, алғашында спорттың үш түрі, яғни волейбол, күрес, бокстан жастарды жаттықтырған. Қазіргі таңда спорттың он екі түрі, атап айтқанда, дзюдо, бокс, таеквондо, ауыр атлетика, қазақ күресі, кикбоксинг, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика, самбо, белбеу күресі, волейбол, футбол секциялары аудан жастары үшін жұмыс істеуде.

Тек спорт, жаттығу деп мақтанудан шорқақ үлкен ұжымның соңғы жартыжылдағы жетістігі ауыз толтырып айтарлықтай. Мәселен, дзюдодан Тараз қаласында өткен ел біріншілігінде Тілеген Тынарбай I орын, Жаныс Бекарыс III орынды жеңіп алған. Аталған спорт түрінен Атырау қаласында өткен жарыста Әбдәлі Ақарыс, Саматұлы Жанболат II орын, Оразбай Арайлым III орындарға қол жеткізген. Қазақ күресінен Қостанай қаласында өткен ел біріншілігінде Оразбай Арайлым, Кентау қаласы өткен белбеу күресінен Думан Аружан I орын жеңіп алған. Қызылорда қаласында белбеу күресінен ҚР чемпионатында Әсембек Тоқжан III орын алды. Шымкент қаласында халық барысы жарысында Шындалы Бекзат күміс жүлдегер атанған. Өскемен қаласында өткен дзюдодан 23 жасқа дейін ҚР чемпионатында Бейсенбай Әсел III орын алды.

Аудан жастары қашаннан жекпежек, күрес спортынан ілгері екені баршамызға белгілі. Аудан жұртына айтарлықтай таңсық емес спорт түрлері де бар, мысалы, ауыр атлетика, жеңіл атлетика, доп ойындары, таеквандо сынды спорт түрлерінен де мектеп тәрбиеленушілерінің біраз жетістігі бар.

Нақтырақ айтсақ, Өскемен қаласында өткен таеквондодан балалар арасындағы ел біріншілігінде Жақсылық Нұрай III орынды иеленген. Алматы қаласында өткен найза лақтырудан ел чемпионатында Ларина Людмила II орын, Пак Лилия III орынға ие болды. Қызылорда қаласында кикбоксингтен өткен ҚР біріншілігінде Сағатов Даниял, Бақытжан Гүлнұр I орынды жеңіп алды. Алматы қаласында таеквондодан балалар арасында өткен ҚР біріншілігінде Рахымжанқызы Айша күміс жүлдегер, Уақып Айзат, Өтеген Зүлфиялар қола жүлдені жеңіп алды. Павлодар қаласында өткен тоғызқұмалақтан ҚР чемпионатында Әлібек Мәдина III орын алды. Жаңақорған ауданында өткен белбеу күресінен ел біріншілігінде Оразбай Арайлым I орынды жеңіп алды. Ал ШҚО Алакөл ауданында тоғызқұмалақтан ҚР кубогінің Әбілдә Қызжібек жеңімпаз атанды. Жамбыл облысы Қордай ауданында кикбоксингтен өткен ҚР чемпионатында Тілеулі данияр I орын, Жұбатқан Әділет, Нұрмұрат Береке III орынға ие болды.

Қазіргі таңда спорт түрлерінен спорт шеберілігіне үміткер саны өсіп келеді. Сондай-ақ аудан саңлақтары тек республика аумағында ғана емес, әлемде ел абыройын үздік нәтижелерімен асқақтатып жүр. Қытайдағы дзюдодан Азия кубогінде Тілеген Тынарбай II орынды жеңіп алды. Ташкентте Алматы қаласында өткен дзюдодан Азия Кубогінде спортшымыз I орынға ие болса, Тайпей мемлекеті Тайвань қаласында дзюдодан өткен Азия чемпионатында I орынды жеңіп алды. Мұнан бөлек АҚШ-тағы Лос-Анджелес қаласында өткен ауыр атлетикадан Әлем чемпионатында Сәпи Есенгелді жеңімпаз атанды. Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында белбеу күресінен өткен Әлем чемпионатында Думан Аружан қола жүлдегер атанды. Монғолия астанасы Ұлан-батор қаласында қазақ күресінен өткен Азия чемпионатында Жайдарбай Есенов қола жүлдені қанжығаға басқан. Үндістанның астанасы Дели қаласында самбо күресінен өткен Азия чемпионатында Оразбай Арайлым чемпион атанды.

Тізіп жаза берсең, спорт мектебінің жетістіктері көп. Әрине, спортшыларымыздың бұл жеңістері жастарға ерекше құлшыныс берері анық. Сондықтан болар, ауданда балаларын спортқа беруге ниеттілердің қатары едәуір артқан. Спорт мектебінің филиалдары тек аудан орталығында ғана емес, шалғай ауылдарда да орналасқан. Мәселен, Таң, Аққұм, М.Шәменов, Ақсу ауылдарында спорт үйірмелері жұмыс істейді. Бұл ауыл балаларына үлкен мүмкіндік екені сөзсіз.

Спорттың тәртібі бойынша спорт мектебі балаларды 5 жастан бастап қабылдайды. Әрине, оларды бірден спорттың қиын түріне қабылдай салмайды. Спорттық мектеп болғасын жас жеткіншектердің салаға деген қызығушылығын ояту мақсатында ең бірінші оңай ойын түрлеріне алады. Содан кейін ынғайына қарай өздерінің таңдауы бойынша бейімділігін байқап, басқа спортқа икемдейтін көрінеді. Жаттықтырушылар баланың ең бірінші спортқа ынтасын оятып, қызықтыруға баса мән береді. Ол үшін мектептің арнайы біліктіліктен өткен жаттықтырушылары жұмыс істеп, балаға барлық жағдай жасайды.

1 пайыз талант пен 99 пайыз төгілген тер ғана табысқа қол жеткізуге жол ашады. Жалпы адамның бойында туабіткен қандай да бір іске деген қабілеті болады, оны қолданса, дарыны байқалады, әрі қарай дамытып, жетілдірсе, талантқа айналады. Дамытпаса, бойындағы қабілет жұмбақ түрінде қалып қояды. Спорт та сол сияқты, кез келген түріне деген бірінші бойда қызығушылық керек. Ал оны әрі қарай дамыту спортшының өз қолында. Бұл – жаттықтырушылардың ата-ана мен балаға беретін ең маңызды кеңесі.

Алдағы уақытта спорт мектебінің жоспары көп. Ең бастысы, мектептің техникалық базасы жақсы. Жаттықтырушылар «Мектебімізге аудан орталығынан қазіргі заманауи тұрғыда салынған спорт кешені беріліп жатса, үлкен демеу болар еді» деп ұсынысын да жеткізді. Бұқаралық спортты дамыту, сондай-ақ дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатындардың санын арттыру мақсатында бұл ұжымның еңбегіне тәнті болдық.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ұлттық спорт

Көкпаршылар көкбөрі ойынына сақадай сай

Көкпар – ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Ол Орталық Азия халықтары арасында кең тараған. Қырғыз, өзбек тілінде «Улак тартыш», тәжік тілінде «бузкаши» деп аталады. Көкпар тарту сияқты ұлттық ат спорты ойындары басқа да Шығыс елдерінде бар. Ауғанстанда кең тараған «бузавиш» ойыны Көкпарға өте ұқсас. Сондай-ақ Аргентина халқының да Көкпарға ұқсас ат спорты ойыны болған. Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы менептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар көкпар – аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт. Ол жаппай және дода тартысы болып екіге бөлінеді. Жаппай тартыста әркім серкені өзі иелік етуге тырысады. Дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі. Мұны кейде «марта тарту» деп те атайды.

– Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында көкпар және көкбөрі ойындары өтеді. Қазір спортшылардың дайындықтары жақсы. Басты қарсылас ретінде Қырғызстан мен Өзбекстанды айтар едім. Егер біз көкпардан жеңісімізге сенімді болсақ, көкбөрі ойынынан мүмкіндіктеріміз тең дәрежеде. Біраз жылдан бері көкбөрі ойнаған жоқпыз. Десе де жеңіс үшін барлық мүмкіндігімізді пайдаланамыз, – дейді көкпардан ұлттық құраманың бас бапкері Ақылбай Манкеев.

Көкпардан ұлттық құрама мүшесі Наурызбай Қалтаев байрақты бәсекеге дайындық жайлы және көкпар мен көкбөрінің айыырмашылықтары турасында айтып берді.

– V-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына деген дайындығымыз жоғары деңгейде өтіп жатыр. Екі спорттың айырмашылығы тайм санында – көкбөріде үш тайм ойналады, ал көкпарда екеу. Көкбөріде қазандыққа, ал көкпар жерге сызылған шеңберде ойналады, – деп атап өтті Наурызбай Қалтаев.

Көкбөрі сайысы бойынша әр командадан 12 қатысушы болады. Спортшылардың дайындығы үшін Көкпар федерациясы тәжірбиелі кеңесшілерді тартқан. Оқу-жаттығу жиындары ҚР Туризм және спорт министрлігінің Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының қолдауымен ұйымдастырылып отыр.

Еске сала кетейік, Республикалық «Көкпар» федерациясы Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының құрамына кіреді. Қауымдастық құрамында бұдан өзге «Аударыспақ», «Бәйге», «Теңге ілу», «Садақ ату», «Жамбы ату», «Құсбегілік», «Асық ату», «JORYQ» ат спорты және т.б. федерациялар бар. ҚР Ұлттық спорт қауымдастығын Исламбек Салжанов басқарады.

Айта кетерлігі, 8-13 қыркүйекте Астана қаласында V-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Іс-шараға 89 елден 2000-нан астам спортшы қатысады деп жоспарлануда. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Бас демеушісі – ALAGEUM ELECTRIC, Ойындардың Бас серіктесі – Halyk Bank. Астанада өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында барлығы 21 спорт түрінен 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

«ЖЖ» ақпарат

Тарих

Қазақтың Қажымұқаны

Ғасырлар жылжып өтер. Алайда аты өлмес, өшпес ізін қалдырған қандастарымыз бар. Солардың бірегейі – бүгін өзі жайлы сөз болып отырған Қажымұқан Мұңайтпасов атамыз. Кезінде бұл алып палуанның атақ-даңқы жер жарды. Өмірінің елу бес жылын күрес пен циркке арнады. Өзі өкілі болып табылатын ұлттың атын әлемге танытты. Мұндай қайталанбас тұлғаның мағыналы ғұмырын ізімізді басып келе жатқан өскелең ұрпақ біліп-танып, кеудесінде оған деген айрықша мақтаныш сезімі оянып жатса, менің қолыма қалам алғандағы мақсатымның орындалғаны.



ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ ШЫҚҚАН ТЕГІ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Қажымұқан бабамыз өзінің өткен ғұмырында жазған мына бір шумақтар оның кім болғандығын нақтылай түскендей.

Атандым Мұқан палуан бала жастан,
Ішінде күштілердің болдым астам.
Талай-талай жерлердің дәмін татып,
Өтті дәурен осылай біздің бастан, –

деп келетін жолдар біраз жайдан хабар беріп тұрғаны айдан анық.

Оның кіндік қаны тамған киелі жері туралы да алуан-алуан пікірлер жоқ емес. Соған да аз-кем тоқталып өтелік. Атақты палуанның құжат бойынша 1871 жылы 7 сәуірде қазіргі Ақмола облысының Қараөткел ауылында өмірге келгені айтылады. Алайда кейбір зерттеуші ағайындар оны Түркістан облысының Отырар ауданында дүниеге келген деп те жүр. Бұл жағын анықтау кейінгі ізденімпаз жастардың еншісінде дер едік.

Өз басым тек қана оқыған-тоқыған, пайымдап түйсінген деректер мен дәйектерге ғана сүйенгенді жөн көрдім. Әрине, жастайымыздан халқымыздың бірутар перзенті жайлы жарық көрген кітаптарды оқып, ол хақында түсірілген фильмді көріп өстік. Осы арада сөзім жалаң болмас үшін бір мысал келтіре кетейін. Біраз жыл бұрын Қостанайға «Знай наших» деп аталатын фильмде ұлы палуанның образын сомдаған Әлеухан Бекболатовпен жүздесіп, сырласудың сәті түсті.

Әлекең өзін оңтүстікте жатқан Шардара ауданының жігітімін деп таныстырды. Негізгі мамандығы механизатор екен. Осы даңқты палуан жөнінде фильм түсірер кезде арнайы байқау жарияланып, басты рөлге ол іріктеліп алынды.

Аталмыш фильмнің режиссері – есімі елімізге кеңінен танымал Сұлтан Қожықов. Бұл кісіні өнер мен мәдениет саласында жүрген ағайындардың білмейтіні жоқ шығар. Өйткені, бұдан бұрын да талай кино саласында топ жарған классикалық фильмдерді талғаммен түсіргені көпшілікке аян болса керек. Сұлтан ағамыздың Әлеуханды таңдауы да құптарлық. Бұл қазақтың қара торы жігітінің сыртқы келбеті де өте тартымды. Кәдімгі екі иығына екі кісі мінгендей дейтіндей-ақ. Ақ көңіл бауырымыз маған басынан өткерген талай оқиғаны баяндап берген еді. Содан бері де арада біраз жылдар өтті. Қайран азаматтың өмірден өткенін естігенде көңіліміз құлазып қалған-ды. Ол елордамыз Астана қаласында да тұрды.

Қажымұқан Мұңайтпасов – текті жердің ұрпағы. Өзі ұлтымыздың қаншама жастарын батылдыққа, қайсарлыққа тәрбиелеген атақты қара қыпшақ Қобыланды батырдың он алтыншы ұрпағы. Ата-бабалары да алып күштің иесі болған деген де сөз бар. Мәселен, атасы Ернақ та жұртшылыққа үлкен қайратты адам ретінде белгілі. Нағашы атасы Лек кәдімгі ағаштарды тамырымен жұлып алған кісі деседі. Алып та тұқым қуалайды. Туған әкесі Мұңайтпас көрген кісінің көзі тоятындай азамат болған. Талай күрестен жарыстарға белсене қатысып, айналасындағыларға «Жуан аяқ палуан» атанған. Міне, осындай танымал адамдардың ұрпағы Қажымұқан қайдан әлжуаз, осал болсын.

Ұлы палуанның өмірі тақтайдай тегіс, үнемі жеңіс пен қуаныштан тұрған жоқ. Ұмытылмас ауыртпалық пен адам төзгісіз қиыншылықтарды бастан өткізді. Жас кезінен бастап ауқатты, яғни байларға жалданып күн кешті. Оның түрмеге үш рет түскенін біреу білсе, біреу білмейді. Ол жайлы кейінірек тоқталатын боламыз. Ал, оның ерен күштің иесі екендігі ерте көрініп, есімі халық аузына ілінді. Ол туралы қаншама таңғажайып аңыздар мен әңгімелер ел арасына тез тарады. Небәрі 17 жасында мықты палуан ретінде жұрттың назарына түсіп, өзі туып-өскен өңірдегі белдескен көптеген палуадардың жауырынын жерге тигізгені күллі қазақ халқына аян.

Содан арада бір жыл өткенде циркке жұмысқа алынды. Одан бергі өмірі халықтың көз алдында өтті. Сонау 1905 жылы ұлы палуанның жеңісті жолы басталып, аты-жөніне көрермендер қаныға түсті. Өткен кезеңге шолу жасайтын болсақ, Харбинде ұйымдастырылған жарыста ол «джиу-джитсу» күресінен алтын медальді иеленді. Осыдан кейін атамызға «Маньчжурия чемпионы» атағы берілді. Көп өтпей Алманиядағы сайыста да ерекше көзге түсіп, барша жұрттың назарын өзіне аударды.

Уақыт өте Швецияның Гетеборг шаһарындағы француз күресінен әлем чемпионатында да кеудесіне алтын медаль тағып, аталған күрес түрі бойынша әлемде алғаш рет үлкен белесті бағындырған қазақ болғаны да бізге тарихтан мәлім.

Одан кейін де Еуропада өткен көптеген жарыстарда дараланып, мәртебелі атақтардан дәмеленіп барған палуандарды сүріндіріп, жұлдызы биікте жарқырады. Оның өмірінде неміс палуаны Вестергард Шмидт және жапон палуаны Саракики Джиндофумен болған жекпе-жектері есінде мәңгі сақталып қалды.

Әлемді мойындатқан тұңғыш кәсіби палуан шет елдерді аралап, жеңіс тұғырынан көрінді. Әлемнің отызға жуық мемлекетіне сапар шегіп, күш сынасты. Толағай табыспен оралып, кеудесіне 50-ден аса медаль таққаны қалың жұрттшылыққа мәлім.

Сөздің орайы келгенде, намысты қолдан бермеген бабамыз көрермендердің алдында «Ямагата Муханура», «Мухан», «Қара Иван», «Қара Мұстафа» және тағы басқа лақап аттармен күресіп, палуандық өнерін барынша шыңдағанын айта кеткен жөн. Ол көбіне әлгі жарыстарда орыс палуандары сапында шыққандығын да жасыра алмаймыз. Өйткені, заман мен уақыт талабы солай болды. Алайда, оның бойындағы ұлттық намыс пен қайрат-жігер жылдар өткен сайын арта түспесе, кеміген жоқ. Күресті ұйымдастырушылар мен төрешілердің тарапынан әділетсіздікке де кездесті. Бірақ, мойымады, еңсесін түсірмеді. Кеудесін ешкімге бастырмады. Оны әрдайым ата-бабаларының рухы мен аруағы қолдап отырды.

ПАЛУАН ҚАЛАЙ ҚАЖЫ АТАНДЫ?

Жоғарыда біз алып күш иесінің жер шарының көптеген елдерінде болғанын тілге тиек еттік. Ол бірде түбі бір түркі тілдес бауырларымыз әрі тәуелсіздігімізді тұңғыш таныған Түркиядағы күреске де қатысып, сондағы спорт жанкүйерлерінің көзіне шалынады. Бұрын-сонды бұл елдегі өткізілетін жарыстарға деңгейлес палуандардың өзі қатысуға жүрексінетін еді.

Түрік байлары қазақтың ұлы палуанының ерен күші мен батылдығына қайран қалады. Өздерінің мұсылман бауырына деген ризашылығының нақты айғағы ретінде бұған Меккеге қажылыққа баруына мүмкіндік тудырады. Осы сапардан кейін бабамыз Қажымұқан атанып, даңқы бұрынғыдан да арта түседі. Көзі тірі кезінде аңызға айналған палуан туралы мәліметтерді іздестіру барысында ол хақындағы ғибрат боларлық деректерге қаныға түстік.

Әрине, осындай бір жазбада барлық түйгенімізді баяндап, оған жан-жақты тоқталу да әсте мүмкін емес. Дегенмен, кейбір мәліметтерге жүгінгеніміз жөн болар.

Осы кезге дейін есімі әлемге жайылған көрнекті тұлға хақында аз қалам тартылған жоқ. Ол жөнінде бірнеше кітаптар жарық көрді. Аты-жөндері бізге жете таныс қаламгерлер танымдық жағы мол естеліктер жариялады. Бұл орайда Қалмақан Әбдіқадыровтің «Қажымұқан», Мұратхан Танекеевтің зерттеу еңбегі мен Әлімқұл Бүркітбаевтың деректі повесін қолға алып, танысқан кісінің даңқты палуан жайлы таным көкжиегі кеңейе беретіндігіне шүбә келтірмейміз.

Ұлтымыздың көрнекті ақыны Сырбай Мәуленовтің классикалық күрестің нағыз хас шебері хақындағы жыр шумақтары оның болмысы мен сыртқы сымбатын дәл бейнелеген секілді. Осы жолдарды оқырман назарына ұсынғанды дұрыс деп санадық.

Саусағы Алатаудың еменіндей,
Жотасы Қаратаудың кемеріндей.
Жүзінен шаттық-қайғы білінбейді,
Тұп-тұнық Қараөткелдің тереңіндей, –

деп тебірене толғанады Сырбай ақын.

Сондай-ақ, ғылымдағы орны бөлек ғалым ағамыз Әуелбек Қоңыратбаевтың палуанмен жүздескендегі жазып алған мына бір дене құрылымының өлшемі кімнің болсын назарын еріксіз аударары хақ.

Оның алып тұлғалы азамат болғанын бәрі де біледі. Дегенмен, сөзіміз жалаң болмас үшін нақты мысал келтіре кетелік. Жетпіс бес жастағы палуанның сол уақыттағы салмағы – 174 келі, бойы – 195 сантиметр, екі иығы – 56 сантиметр, кеудесі – 146 сантиметр, кіндік тұсы – 173 сантиметр, жауырынының жалпақтығы – 60 сантиметр, аяқ киімі – 54 өлшемді құраған. Сонымен қатар, оған тігілген киімдер де жұртшылықтың қызығушылығын тудырмай қоймайды. Даңқты бабамыздың шалбарының өзіне үш метр мата, үстіне киетін көйлегіне алты метр сұрып жұмсалыпты. Осыдан-ақ биыл 150 жылдығы аталып өткелі отырған қазақ ұлтының мақтанышының денесінің қаншалықты алып әрі көз тартарлықтай болғандығын пайымдау қиынға соға қоймас.

Палуан жөнінде халық арасында кеңінен тараған тәлімдік-тәрбиелік мәні зор әрі қайтпас қайсарлығын нақтылай түсетін деректер де жетерлік. Мәселен, оның жапон палуаны Саракики Джиндофумен 1912 жылы Жапонияның Хармен қаласында екеуара ережесіз жекпе-жекті алайықшы. Өзін жоғары санайтын шетелдік әріптесі бірде француз күресінен чемпионат аяқталған соң шаршы кілемге шығып, кеудесін керіп, астамшылықпен жұртшылыққа: «Мен джиу-джитсудан көз келген палуанды сөзсіз жеңемін», – деп үн қатады. Әрине, бір сәт үнсіздік орнайды. Сол шақта намысқа тырысқан Қажымұқан кәдімгі ер жүрек батырша айбар танытып, нар тәуекел деп онымен күресуге бел буды. Осы сайыста Саракики атамыздың құлағы мен астыңғы ернін жыртып жіберген көрінеді. Сонда бұл қарап тұрсын ба, бойын ашу мен ыза кернегендіктен, қарсыласын жерге алып ұрып, оның үстіңгі ернін бас терісімен қоса сылып алыпты. Сөйтіп, өзінің қазақ халқының ерекше туған ұлы екендігін дәлелдейді.

Қажымұқан Мұңайтпасовтың басқалардан өзгешелігі жайлы тәжірибелі палуан Николай Турбас өзінің бір жазбасында: «Біздің арамызда өз дене бітімімен және күшімен қырғыз палуаны Қажымұқан ерекшеленеді. Оның иығы кең, орасан зор күші және ұзын қолдары болды, ол күресте өте маңызды. Палуандардың көпшілігі одан қорқатын және онымен күреске түскісі келмейтін», – деп сол өткен жылдарды еске алады.

Ешқашан да өзгелерден тайсалмайтын атақты палуан жоғарыда талай әлемдік чемпионаттарға қатысып, жеңіс тұғырына көтерілгендігін айттық. Басқаларды айтпағанның өзінде, қандастарымызға белгілі Ресейдің Троицк қаласында өткен сайыста неміс палуаны Вестергард Шмидт, француз Фисури Колос, эстон Тигане, орыс Петров және өзге де өздерін мықты санайтын әріптестерімен болған жарыста бәрін де еріксіз мойындатып, тізе бүктірді. Ол артта қалған жылдар ішінде қаншама марапаттарға ие болып, кеудесіне медальдар мен ордендерді тақты. Алайда, бәрін де сақтай алмапты. Оның арасында бірнеше мемлекеттердің бірінші басшыларының тарапынан алғандары да аз болмады.

Қысқаша мәлімет келтіретін болсақ, оның парсы чемпионы Машруттан басым түскені үшін Персия шахы бабамызға «Алтын Арыстан мен Күн» орденін тапсырды. Ол аз десеңіз, осының алдында жапонның атақты палуаны Саракикиді жерге алып ұрғаны үшін Манчжуурияның «Қайырымдылық» орденін де иеленгені біз үшін үлкен мақтаныш.

Қазақ елі де біртуар перзентін ардақтап, оған 1927 жылы Қазақстан орталық атқару комитеті «Қазақ халқының батыры» атағын тапсырғаны зиялы қауымға аян. Сонау 1945 жылы «Құрмет» белгісі орденін де тақты. Бұл да болса оған деген ерекше құрметтің жарқын көрінісі емес пе?!

АЛАШ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕК

Өзіміз әңгімеге арқау еткен Қажымұқан Мұңайтпасов ерекше туған дарын еді. Оның бойындағы ұлтжандылық секілді қырлары да кезінде айқын көрінді. Бастауында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы секілді алыптар тұрған «Алашордашылардың» нағыз рухани демеушісі әрі қолдаушысы болыпты.

Атамыз ұлтымыздың біртуар перзенттерінің түпкі мақсатын терең түсінгендіктен, оларды үнемі қолдап, қажет кезінде қаржылай көмек те беріп отырған. Халқымыз есімдерін айрықша ардақтайтын Әлихан, Міржақып, Жүсіпбек, Халел сынды ұлтын сүйген азаматтармен жақын араласып, сыйласқан. Бір-бірінің қадірін жақсы білген.

Осы сөзіміздің нақты дәлелі ретінде ол 1905 жылы «Алаш идеясымен» таныстыру үшін Қоянды жәрмеңкесінде өнер көрсетті. Сонымен қатар, 1914 жылы Омбы, Семей қалаларында Алаштың басқосуларының ұйымдастырылуы алдында да бойындағы қарым-қабілетін танытқан. Міне, осы мысалдар да оның тек қана атақты палуан ғана емес, ұлтын шексіз сүйген азамат болғандығын айғақтай түспей ме?!

Қазіргі таңда бүкіл елімізге тарап жатқан «Қазақ» газетін өзін еліміздің патриоты санайтын бауырларымыз алып оқиды. Міне, осы басылымда Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов басшылық еткен жылдары Қажымұқан атамыз жайлы танымдық мақалалар жарияланып тұрды. Тіпті, бір материалда оның Алаш зиялыларымен бірге түскен суреті де беріліпті.

Кеңес Одағы кезінде ол ұлтжандылығы және халқының игілігі мақсатында атқарған басқа да жұмыстары үшін жазықсыз жалаға ұшыраған. 1937 жылы «Бұл патшаның адамы, оның қолынан медаль алған, сыйлық алған сыбайласы» деген жалған сылтаумен құдаланған. Содан кейін қолдан келер басқа амал болмағандықтан, қазақ елімен іргелес жатқан Өзбекстанға өтеді. Кейін ғұмырының соңғы кезеңдеріне дейін қазіргі Түркістан облысында тіршілік кешті. Қайран атамыз 1948 жылы әлгі аталған облыстың Бөген ауданына қарасты Ленин туы колхозында дүниеден өтті. Мұндағы елжанды азаматтар оның құрметіне Темірлан ауылында ескерткіш орнатты.

Қажымұқан Мұңайтпасов өзінің бойындағы азаматтық қасиетін талай рет іс жүзінде дәлелдеді. Соның бір айғағы ретінде ол кешегі Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жинаған қаржысына ұшақ жасатты. Оған халық ардақтысы Аманкелді Имановтың есімін бергізіп, қанды майданға жіберді. Ал, өзіміздің ұлтымыздың ұшқысы Қажытай Шалабаев осы ұшақпен өзіне жүктелген көптеген жауынгерлік тапсырманы мүлтіксіз орындап, палуан атамыздың еңбегін ақтады.

Ол ғұмырының соңғы кезеңдерінде, тілге тиек еткендей, бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысының Темірлан ауылында өмір сүрді. Атамыздың есімі Нұр-Сұлтан мен Шымкент қалаларындағы Орталық стадиондарға берілді. Атында бірнеше көшелер де бар.

Палуанның кейінгі ізімізді басып келе жатқан жастар біле бермейтін өзге де қырлары жайлы да бірер сөз. Соған да әңгіменің орайы келгенде аз-кем тоқталып өткеніміз орынды.

Негізінде, ол әлемге танымал палуан болса да қарапайым ғана тұрмыс кешкен. Ес білгеннен жоқшылықтың ащы дәмін татып, басы артық байлыққа, опа әпермейтін жалған дүниеге мүлдем қызықпады. Тіршілік кешкен баспанасын да, яғни қазақы үйді де сонау бір жылдары өзі тұрғызыпты. Соған қарағанда қолы шебер болса керек.

Сонымен қатар, ол өнерді шексіз сүйген. Сырт көзге дене бітімі, нар тұлғасы асқар таудай асқақ көрінгенмен, жүрегі мейірімді жанға тән нәзік-ті. Тарихтан есімдері баршаға таныс Әміре, Иса үшеуі араларынан қыл өтпес нағыз достар еді. Сонымен қатар, ұлтымыздың атын шығарған атақты әнші Майрамен де сонау жылдары өте жақсы сыйласты. Мысалы, Майра апамыздың атқосшысы болған әнші Байғабыл Жылқыбаевтың «Қоянды жәрмеңкесінде қатарымызға Қажымұқан қосылды. Қажымұқан келгесін бас бұзарлар жым болып, Майраға арнайы тігілген ақ боз үйдің маңайынан аяқтарын байқап басатын болды. Сөйтіп, көзіміз ашылды» дегені де қандастарымызға ой салады. Даңқты палуан қазақ халқының бұлбұл үнді қызының мәртебесін көтеріп, үнемі еркелететін.

Әйгілі тұлғаның өнерді пір тұтуының да өзіндік себебі бар. Өйткені, ол тек қана палуан ретінде ұлтының атын жер жүзіне танытумен қатар кейде кәдімгі қазақтың қара домбырасын қолына алып, ән де салатын. Осындай қабілетімен заманында өнерпаз да атанған.

Қазақ даласының батыры, алып тұлға жайлы танымдық мақаланы жазу барысында байқағаным, бабамыз адамдар арасындағы достыққа, бауырмалдыққа, ізгі қарым-қатынасқа жете көңіл бөліпті.

Көрші мемлекеттің даңқты перзенті Иван Поддубныймен арадағы достықтары да ерекше назар аудартады. Қос мықты палуан жүрген кезде өзгелердің бәрі де бұлармен жекпе-жекке шығуға жүрексінетін. Бұлардың мысы басып тұратын. Бәрі қарсы шығудан қаймығатын. Себебі, жеңісті өзгелерге бермейтін.

Қажымұқан атамыз оны әрдайым «Ваня» деп құрметпен атайтын. Кейбір деректерге қарағанда, әйгілі палуан Поддубный соғыс аяқталған жылдары тұрмыс тауқыметі мен таршылықтан дүниеден өткен.

Біздің палуан атамыз да сонау сағымдай бұлдырап артта қалған жастық шағында көпес Григорий Масляковқа жалданған-ды. Осы кісі жылдар өте қазақ палуанының алып күш иесі атанып, есімі әлемге танылғандығын естіген соң арнайы адам жіберіп, Қызылжардағы үйіне дастарқан жайғызады. Оған және бірге еріп келген сыйлы қонақтарына лайықты құрмет көрсетеді. Қажымұқанның астына ат мінгізіп, әйеліне бес метр көк мақпал таза күмістен әшекейлеп жасаған редикюльді сыйға тартыпты. Бұның өзі қандасымызды мойындағандығы емес пе?!

Оның цирк әртісі ретінде көрсеткен өнері мен шеберлігі бәрімізге мәлім. Күш-қайратының молдығы жерге жатқанда денесінің үстіне тақтай орнатылып, адамдар лық толған жүк машинасының жүріп өтуі көрермендерді еріксіз таң қалдыратын.

АТАҚТЫ ПАЛУАННЫҢ ҰРПАҚТАРЫ ЖӨНІНДЕ БІРЕР СӨЗ

Қолдағы бар деректерге қарағанда, жер жүзін өзінің қайсарлығымен, батылдығымен, алып күшімен таңғалдырған Қажымұқан Мұңайтпасов атамыз жалпы өмірінде төрт әйел алған. Солардан тараған ұрпақтары да баршылық.

Алғашқы жары цирк әртісі, акробат Надежда Чеповская болатын. Ол палуанмен тағдырын тоғыстырған соң отағасына деген құрметтің айқын белгісі ретінде ислам дінін қабылдап, Бәтима есіміне ие болды. Ерлі-зайыптылар сонау 1909 жылы Рига қаласында танысып, Омбы шаһарында шаңырақ көтерген. Бұлардың Халиолла деген ұлдары болған. Оның ұрпақтары сол қалада мекен етеді.

Жылдар өте атамыз Ырысты есімді қазақ қызына үйленеді. Бұл кісіден үш қыз сүйді. Содан кейін араға он үш жыл салып, Мінәйім, бертін Бибіжан апамызға үйленді. Бұл әйелдерінен Айдархан және Жанәбіл есімді ұлдары болды.

Атамыз дүниеден өтсе де артында қалған ұрпақтары оның есімін ардақ тұтып, мақтанышпен еске алып отырады. Бір немересі Шаттық каратэ-додан халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Ол 2002 жылы Азия ойындарының күміс жүлдегері атанып, халқымыздың мәртебесін көтерді. Ал палуанның бір немересі Бақытжанды білмейтіндер жоқтың қасы. Ол қалың жұртшылыққа танымал композитор. «Жас Қанат», «Азия дауысы» секілді байқаулардың лауреаты. Қаншама туған елі мен жұртына әсем ән, яғни рухани байлық сыйлады десеңізші.

Осы Бақытжанның әкесі Жанәбіл Қажымұқанның ең кенже баласы екен. Палуан перзентінің тоғыз айлығында 77 жасында дүниеден өтіпті. Алайда, марқұм ұлының білімді азамат болуын жанашыр жерлестеріне аманат еткен көрінеді.

Кейін сол ұлы тұлғаның арманы орындалып, ол еліміздегі дене шынықтыру және спорт институтында оқыған. Қазіргі таңда даңқты палуанның ұрпақтары негізінен Темірлан ауылында тұрады.

Халқымыз бен жұртымыз 150 жылдық мерейтойын атап өткелі жатқан тұлға жөнінде режиссер Қанағат Мұстафин «Қажымұқан» атты фильмді түсіріп жатқанынан хабардармыз. Сүйікті немересі, дарынды бауырымыз Бақытжан болса, атасының өлеңіне ән жазды.

Оразалы ЖАҚСАНОВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

«Мектепке жол» акциясы жалғасуда

Бүгінде еліміз бойынша дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы жүріп жатыр. Бұл науқан 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жалғасады. Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Қазіргі таңда көмекке мұқтаж отбасыдан шыққан мемлекеттік мектептердегі 36 652 бала есепке алынды. Мемлекеттік мектептердегі бір балаға бір реттік қаржылай көмек мөлшері 43407 теңгені құрайды. Бүгінгі күнге есепке алынған отбасы балаларының 98,6 пайызы қаржылай көмекпен қамтылған.

Жалпыға бірдей білім беру қоры аясындақаржылай және материалдық көмек ата-ана қамқорлығынан айырылған, жетім балалар мен жан басына шаққанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз және әлеуметтік көмекке құқылы отбасыларға беріледі. Сондай-ақ төтенше жағдай салдарынан жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар қаржылай көмек ала алады. Акция аясында әлеуметтік осал топ отбасы балаларын анықтау мақсатында рейд шаралары ұйымдастырылады. Рейд қорытындысымен анықталған көмекке мұқтаж отбасы балаларын демеушілер тарапынан көмек көрсету мүмкіндігі қарастырылуда.

Осы орайда кеше ауданымызда акция аясында Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінің жанында тұрғындарға арналған мектепке қажетті құрал-жабдықтар мен мектеп формасының жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеде аймақтағы жеңіл өнеркәсіп саласындағы тауар өндірушілері мен «Ақжүрек» ательесі өз тауарларын ұсынды.

«ЖЖ» ақпарат

Балалардың терезеден құлауы қауіпті

Бүгінде балалардың жарақат алуы мен өліміне әкеп соғатын негізгі себептерінің бірі – терезеден құлау оқиғалары. Ашық терезе алдында кішкентай балалар осал болады, өйткені оларды ашық терезенің арғы жағында не болып жатқаны қатты қызықтырады. Бұл туралы әртүрлі алынған жарақаттардан балалардың қаза болуы деңгейі куәландырады. Балалардың абайсыздығынан болған оқыс оқиға ата-анасының қарауынсыз қалған балалар ұшырайды. Қазіргі жаз мезгілі ашық тұрған терезенің балаларының өміріне қауіпті екенін ата-аналар ұмытып кетеді. Үйде балалар болған жағдайда ешқашан терезені ашық қалдырмаңыз! Сіз балаңыздын жанында болғаныңызбен бірнеше секундқа бір нәрсеге алданып кеткенде, балаңыз өз өмірімен қош айтысуы мүмкін. Балаларыңызды еш уақытта қараусыз қалдырмаңыздар! Балаларыңыз терезені өз еркімен аша алмауы үшін терезелеріңізге тіреуіш орнатыңыздар!

Терезеден құлау жағдайынын балаларды қалай сақтауымыз керек? Терезеден құлау оқиғаларына көбінесе ата-анасының қарауынсыз қалған балалар ұшырайды. Кішкентай балаларды жалғыз қалдырмаңыздар. Терезеге шықпауы үшін терезе маңында жиһаздардың барлық түрін алып тастаңыздар. Масаға қарсы торларға еш уақытта сенбеңіздер! Олар құлап баражатқан балаларыңызды қорғай алмайды! Керсінше олар осы масаға қарсы торларды қауіпсіз деп ойлайды, алайда балалар осы тормен бірге құлап кетеді. Мүмкіндік болса терезенің астынғы жағын емес, жоғарғы жағын ашып қойыңыз. Балаңыз терезені аша алмауы үшін терезеге бірнеше арнайы бекіткіштер орнатыңыз. Егерде сіз балаңызға терезеден бірденелерді көрсеткен болсаңыз-балаңызды қатты ұстап, қимыл қозғалысын қадағалаңыз, тез қозғалыс өрекеттеріне дайын болыңыз, қолыңыз құрғақ болып, киімінен ұстамауға тырысыңыз. Егерде сіздің дәл казір бекіткіш немесе сақтандыратын жабдық орнатуға мүмкіндігіңіз болмаса, тұтқаны бекітіп тұрған бұрандаманы бұрауышпен алып тастап жоғары жаққа қойыңыз. Барлық жоғарыда аталған режелер балконда да сақталуы тиіс. Жыл сайын биіктен құлау себебінен көптеген балалар мерт болуда. Ата-аналар балаларыңызды қараусыз қалдырмаңыздар. Абай болыңыздар!

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа»ЖШС-на қарасты аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіне кандидаттың үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2024 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Жалағаш аудандық **«Жалағаш жаршысы»** газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 2850 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептегенде:

бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;
ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

***

Zhalagash-zharshysy.kz ақпараттық агенттігіне (сайт) кандидаттың үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2024 жылға баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – **16800 теңге**, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 х 1180 px – **10000 теңге** (1 апта);
400 х 800 px – **8000 теңге** (1 апта).
Instagram: Post (video, photo, reels) – 10 000 теңге
Stories – 5 000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 7000 теңге
Telegram: Post (мәтін) – 7 000 теңге
(мәтін +фото/видео) – 10 000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады.

Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Төле би көшесі №5 үй. Жарнама бөлімі: 8(72431)31-5-75, 87054310031
e-mail: *zhal_jarsh@mail.ru*

Үлгілі ауыл

Еңбекпен еңсе тіктеген

Сырдария ауданында өткен «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі – ауылды дамытудың негізі» республикалық семинарында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Үлгілі елді мекен» байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Іс-шараға Сыр өңіріне арнайы келген Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Парламент Сенатының, Мәжілісінің депутаттары, ведомство басшылары, барлық облыс әкімінің орынбасарлары, ауыл шаруашылығы басқармаларының басшылары және ірі шаруашылық құрылымдарының төрағалары қатысты.

Биыл екінші рет өткізілген облыстық «Үлгілі елді мекен» конкурсының нәтижесімен «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша Жалағаш ауданы Еңбек ауылдық округі I орынды иеленді. Сондай-ақ «Үлгілі елді мекен» номинациясы бойынша Жалағаш ауданы Аққыр ауылына 15 млн теңге қаржылай қолдау көрсетілетін болды.

Айта кетейік, былтыр «Үлгілі елді мекен» конкурсында «Үздік ауыл» номинациясы бойынша II орынды Жалағаш ауданының Тан ауылдық округі иеленіп, жаңа жер қазатын трактор және тіркемесі табысталған. Биыл ауданға қарасты тағы бір елді мекен жүлделі орыннан көрініп отыр. Бұл ауданда ауылдық елді мекендердің абаттанып жатқанын аңғартады.

Жағымды жаңалықты естіген бойда жеңімпаз ауылдың бүгінгі тынысымен танысуға жол тарттық. Үлкен жолдан елді мекенге кіргеніміз сол еді, жарық бағаналары орнатылған тақтайдай тегіс жолмен Еңбекке табан тіредік.

Жалпы ауылда 313 отбасы бар, 1517 адам мекен еткен үлгілі ауылда кәсіпкерлік саласы қарқынды дамуда. Ауыл әкімінің міндетін атқарушы Бақытберген Балханов бұрын тұрғындардың көбісі мал шаруашылығын қолға алғанын жасырмады. Бірақ бүгінде Еңбекте сала түрленген, бірі түлік басын асылдандырса, енді бірі наубайхана ісін қолға алған. Қазіргі таңда ауылда 65 кәсіпорын тіркелсе, бүгінде оның 64-і нақты жұмыс жасап тұр.

Биыл үлгілі ауыл тұрғындары «Ауыл аманаты» жобасына 4 жоба ұсыныпты. Олар қолдау тапса, алдағы уақытта Еңбекте күріш ақтайтын цех, музыка орталығы, кондитерлік цех пен құс шаруашылығы ширайды.

Бәкең ауылда жүзеге асып жатқан жобалардың басым бөлігіне «Еңбек-Жер» ЖШС төрағасы Шакизатхан Ысқақов демеушілік жасағанын айтады. Сөзінше, ауыл мақтанышы биыл да жарқын бастамаларды қолға алған.

– Жол құрылысы, жарық бағаналары, ойын алаңдары, жаяу жүргіншілерге арналған жолдар, бәрінде Шәкеңнің қолтаңбасы бар. Биыл да біршама жобаны қолға алды, олардың бірқатарының құрылысы аяқталуға жақын. Шыны керек, кешегі арнайы номинацияны алуда сол кісінің үлкен еңбегі бар. Себебі Еңбектің үлгілі ауылдар қатарынан көрінуіне ол бар күшін сарп етті. Төраға бастап, ел қоштап ауылда үлкен жобалар жүзеге асты. Мұның барлығы соның жемісі деп білемін, – деді Бақытберген Балханов.

Бәрекелді!

Туған жерді түлеткен

Кәсіппен айналысу бар, ал сол кәсіптің нәсібін елмен бірге көру өз алдына бөлек әңгіме. Еңбек ауылындағы Шакизатхан Ысқақовтың туған жерді түлету мақсатында қолға алған жобаларына қарап осындай ой келді. Иә, ол қалтасына артық 2 теңге табыс түссе, соның тең жартысын ауылының қажетіне жұмсайды. Бұған дейін Еңбектің еңсе тіктеуіне тер төккен төраға биыл да ауылда қаншама шаруаны ширатыпты.

7 еңбек адамына баспана салып берген

Шакизатхан Ысқақовтың егін шаруашылығын қолға алғанына бірнеше жыл болды. Бүгінде «Еңбек-Жер» аудандағы маңдайалды шаруашылықтардың біріне айналды. Әлбетте, серіктестіктің осындай дәрежеге жетуінде ауыл еңбеккерлерінің де өзіндік қолтаңбасы барын төраға жақсы біледі. Жыл сайын олардың әлеуметтік жағдайына ерекше мән беруінің де сыры осында.

Ұмытпасам, осыдан 4 жыл бұрын «Еңбекте сабантой болады» деген хабар келді. Шаруашылықтың сол жылы күзгі науқанды қалай қорытындылағанын білу мақсатында тілшілік тіршілікпен ауылға жол тарттық. Аққошқарға жеткеніміз сол еді, мәдениет үйінің алдында маңдайы жарқырап сужаңа алты көлік тізіліп тұр. Соның өзі мұндағы дала дарабоздарының шаруаны ширатқанынан хабар бергендей.

Жаңа сөз басында «табысының тең жартысын ауылының қажетіне жаратады» деуіміздің өзіндік себебі бар. Сол жылдың өзінде Шакең 6 дала дарабозына сужаңа көліктің кілтін табыстады. Мұнан бөлек аптап ыстықта атыз басында аянбай еңбек еткен жұмысшыларға 100 млн теңгеге жуық қаражат үлестірді. «Кең болсаң, кем болмайсың» деген рас екен-ау, одан бері де іскер азамат бұл үрдісті дәстүрге айналдырды, кәсібінің де көкжиегі кеңейе берді.

Сол уақыттан бері шаруашылық төрағасы ауыл еңбеккерлеріне баспана салып берді. Бүгінде төраға мен оның демеушілігімен 4 ауыл еңбеккері Еңбекте қоныс тойын тойлады. Шәкең дәл осы мақсатта тағы дала дарабоздарына арнап 3 үйдің құрылысын бастап кетіпті. Бүгінде ол үйлердің де құрылысы аяқталуға жақын.

«Еңбек-Жер» ЖШС-да Дархан ағамыздың механизатор болып жұмыс жасап жатқанына бірнеше жыл болған. Жұмыста жауапкершілікті бірінші орынға қоятын майталман механизатор жыл сайын озат еңбеккерлер қатарынан көрініп келеді. Әлбетте, дала жұмысында мұндай адалдық әділ бағалануы тиіс, Шәкең де адал жұмысқа көзжұма қарамайды. Осыған дейін табысталған 4 үйдің бірі Дәкеңе бұйырыпты.

– Жыл сайын сабантойды күтеміз, жәй күтіп отырмаймыз, егіс басында үлкен еңбекпен дайындаламыз. Күзгі науқанда «анау неге көлік мінеді, анаған неге қаншама қаражат беріледі» деген дау мүлде болған емес. Бұл бір жағынан басшымыздың адал еңбекті лайықты бағалап жатқанын аңғартса керек. Бір жағынан төраға біздің әлеуметтік жағдайымызға ерекше көңіл бөліп отыр. Мен де үлкен үйге кіріп, қоныс тойын тойладым. Үйдің құрылысына бір тиын қаражат салмадым. Барлығын басшымыз жасады. Шыны керек, өзім тек үйдің кілтін алуға бірақ бардым. Осындай қолдау бізге жұмыста шабыт береді, – деді Дархан Алпысов.

20 дала дарабозы көлік мінген

Серіктестік жұмысының серпін алуы да заңдылық, үлкен табысқа қол жеткізудің түбінде осындай қолдау бары көрініп тұр. Себебі ауыл еңбеккерлері жыл сайын күзгі науқанда құралақан қалған емес.

Осыған дейін Шакизатхан Ысқақов шаруашылықта жұмыс жасайтын ауыл тұрғындарына 20 сужаңа темір тұлпар сыйға тартқан. Ал қаржылай қолдауға ие болғандар қаншама. Мұнан кейін «Еңбекте адал еңбек бағаланады» дегенге сенбеске амалыңыз жоқ.

Ерте көктемде дала жұмысына кіріскен шаруа адамдары алдағы онкүндікте өнімге орақ салады. Серіктестік биыл да мол өнімнен үмітті. Биыл да сабантойда игі дәстүр жалғасын тапса, ауыл еңбеккерлерінің тағы да табысы артпақ.

Ауылына қарап, азаматын таныдық

Шакизатхан Ысқақов Аққошқардың күрішпен кірісін еселеп отыр. Ауылды абаттандыру мақсатында атқарған жұмыстарын қазір кеңінен тарқатсақ, Еңбекте таңды таңға жалғап жазатын тың дүние көп. Бастысы, соның бәрі халықтың көңілінен шығып, тұрғындардың қажетіне жұмыс жасап тұр.

Иә, қолда барды көппен бөлісу – екінің бірінің басына бұйыра бермейтін бақ. Ел үшін еңбек еткен ерді кім жек көрсін. Кәсібінің көкжиегі кеңейген сайын туған жердің түлеуіне тер төккен Шакизатхан да ауылдастарының алғысына бөленуде. Олай болуы да заңдылық. Еңбектің халқы бұрыннан өнерге, білімге, мәдениетке бейім ғой. Десе де жастардың бойындағы осы шығармашылықты дамытуға дем беру мақсатында Шакизатхан Ысқақов қолдауын аяған емес. Соңғы жылдары ауылдағы білім ошағын үздік тәмамдаған оқушыларға велосипед, қалта телефонын сыйға тартса, аудан мақтанышына айналған Еңбектегі «Әжелер» ансамбліне де жыл сайын қаржылай қолдау көрсетіп келеді. Ауылдық емханаға 5 млн теңгенің заманауи медициналық аппаратын сыйға тартты. Ал қазіргі білім беру жүйесінің онлайн форматқа көшуіне орай көптеген оқушыға тегін планшет үлестірді.

Еңбек ауылы да жыл сайын көркейіп келеді. «Абаттанған ауылдың аз ғана уақытта мұндай кейіпке енуіне не себеп?» деген сауалды тұрғындардың қай-қайсысына да жолдасаңыз әңгіменің әрісін «Еңбек-Жер» ЖШС-дан бастайды. Шынында бір ғана шаруашылық бүтін бір ауылдың көркейіп көгалдануына айтарлықтай қолғабыс болған.

Серіктестік төрағасының туған жерге жасап жатқан осынша қолдауы алдымен мешіт құрылысынан басталған. Бүгінде мешіттің ауласындағы бос жерлер үлкен алмабаққа айналған. Ауылдағы имандылық үйін күрделі жөндеуден өткізген кәсіпкер кейін орталықта балалардың ойын алаңдарын көбейтеді. Шаруашылық жұмысы ширап, кіріс көзі артқан бойда Еңбекті көркейтіп көгалдандыруды қолға алды. Бірнеше жыл бұрын ауылда үлкен кешеннің құрылысын бастады. Қазіргі таңда бұл нысан тек Еңбектің ғана емес, көршілес ауылдардың да қажетіне жарап тұр. Қазіргі таңда бұл кешеннің сауда орталығы қолжетімді бағада ауыл тұрғындарына қызмет етуде.

Өңірді көркейтуді қолға алған атпал азамат мұнан бөлек Т.Дәуітбаев атындағы орталық көшенің тұрғын үй аулаларын қоршауға қыруар қаражат бөлді. Қазіргі таңда қос беті мұнтаздай таза ауылға кіреберіс көшенің келбетіне көз сүйсінеді. Ауылға кіреберіс жолға «Еңбек-Жер» ЖШС-ның демеушілігімен жарық жүргізілді. Шакизатхан Ысқақов жарық жүргізу жұмыстарына 16,5 млн теңгеден астам қаражат бөлді. Қазір елді мекенде Рәміздер алаңы, тұрғын үйлер мен ойын алаңдарының құрылысы қарқынды жүруде. Көше жарығы, жол құрылысы, ауылдың абаттануы, балалардың ойын алаңы, әлеуметтік нысандардың құрылыс сапасы, тұрғындардың сапалы медициналық ем алуы, олардың әлеуметтік жағдайы, осының бәрі Шәкеңнің назарынан шыққан емес. Бір сөзбен айтқанда, кешегі сапарымызда ауылына қарап, азаматын таныдық.

Бағдарлама игілігі



Шаруасы шыраған кәсіпкер

Еңбекте 1997 жылдан бері мал шаруашылығын дамытуға бел буған Бейбітшілік Толыбаевтың мемлекеттік бағдарламамен несие алып, мал басын асылдандырумен айналысып жатқанына да бірнеше жыл болды. Бүгінде ол қорадағы ірі қара санын жүзден асырған. Осыған дейін асылтұқымды ақбас бұқалар мен жергілікті сиырлар сатып алған төраға бүгінде 4-5 адамды жұмыспен қамтып отыр. Тек асыл тұқымды ірі қара басын көбейтуді көздеген кейіпкеріміз 15 млн теңгеге қол асыл тұқымды мал алған.

– Мал шаруашылығымен айналысып келе жатқаныма 25 жылдай уақыт болыпты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында малдың өзі де, еті де арзан болатын. Алайда болашақта оның өнімінің өтімді боларына сеніп, шаруашылық құруға бел будым. Қазір жаман емес, бастаған ісімнің жемісін көріп келемін. Қазір төрт түліктің өзінің де, етінің де нарықтағы бағасы қымбат. «Баға неге шарықтап барады?» деп байбалам салудың қажеті жоқ. Себебі бүгінде ауылда отырып, қорада мал ұстауға құлқы жоқтар да бар. Тіпті ауылдық жерде отырып, нан сатып алатындарды көріп таң қалған кездер де болды. Мал бағу оңай шаруа емес. Оны шаруашылық құрып, мал бордақылап отырғандар жақсы біледі. Себебі бүгінде мал азығы да жиі қымбаттап жатыр, нарыққа ілесу керек, – дейді кәсіпкер.

Бейбітшілік ағамыз ата кәсіпті қолға алғалы оның бабын жасаудың да қыр-сырына әбден қаныққан. Сыртынан қараған жанға үйіп-төгіп азығын алдына қойсаң, төрт түліктің кез келгені етті мол беретін сияқты. Алайда әр үй жануарының күтімін жасаудың өзіндік әдісі бар. Мәселен, сиырдың таңғы азығын мол беріп, түсте жемдеудің аса қажеті жоқ екен. Ал кешкі азығын таңмен бірдей салу керек. Сонда ғана бағымдағы мал ерте қоң жинап, иесін шығынға батырмайтын көрінеді. Түскі азығын аз салмасаң, ірі қараның күтімінде қателікке бой алдырдым дей беріңіз.

Жалпы екеуара әңгіме барысында шаруашылық төрағасының расында малды күтіп-баптаудың барлық әдісін меңгергенін аңғардық. Ағамыз бірақ мұнымен шектелгісі жоқ, алдағы уақытта асыл тұқымды ірі қара санын көбейту күн тәртібінде тұр екен.

Аққошқарлық кәсіпкер үшін мал азығы да аса мәселе болмайды. Себебі төраға 300 гектар жайылымдық жерінің 50 гектарын жоңышқа егуге дайындаған. Бірнеше жылдан бері жоңышқа егіп, мал азығын қамдайды. Қажетті техникаларын да жарақтап қойған. Өзі бала-шағасымен облыс орталығында тұрғанымен бақташылар мұнда төраға мен орнын жоқтатпайды. Себебі уақытылы айлығын алып отыр.

Құрылғанына 25 жылға жуық уақыт болған «Боранбай» шаруа қожалығының бүгінде шаруасы ширақ. Себебі шаруашылықтардың көбісі мал бордақылауды күзге дейін тоқтатады екен. Жылдың төрт мезгілінде де тұтынушыларын өз өнімімен қамтамасыз етіп отырған Бейбітшілік ағамыз бүгінде сиыр етіне сұраныстың артқаны мал шаруашылығын қолға алған кәсіпкерлер үшін тиімді болып отырғанын жасырмайды.

Бетті дайындаған Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі:
«СЫР МЕДИА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1306

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ